21927672381

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 қыркүйек №4712-24-00-2/3144 ісі Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ш.Тленов,
сот отырысының хатшысы А.А.Әбжатованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық іс қаралды:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Маңғыстау облыстық каратэ-до бойынша мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Aiganym» басшысы Нурбаев Акылбек Елбасыевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Жеке кәсіпкер «Aiganym» басшысы Нурбаев Акылбек Елбасыевич

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ЖАУАПКЕР:
Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Маңғыстау облыстық каратэ-до бойынша мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ТАЛАБЫ:
шартты біржақты бұзуды заңсыз деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Ж,Амангелдин
Жауапкер А.Е.Нурбаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Негізгі талап қою бойынша

Тараптар арасында 25 маусым 2024 жылы №38 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 1 қосымшасында көрсетілгендей тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі - келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде.

Шарттың жалпы сомасы 52 250 теңгені құрайды.

Жауапкер аталған шарт талаптарын орындамаған, тауарды 25 шілде 2024 жылға дейін жеткізбеген.

Талап қоюшы сотқа жоғарыдағыларды көрсете отырып, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрап талап қою келтірген.

Қарсы талап қою бойынша

Жеке кәсіпкер «Aiganym» басшысы Нурбаев Акылбек Елбасыевич Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талаппен келіспей, сотқа шартты біржақты бұзуды заңсыз деп тану туралы қарсы талап қою келтірген.

Қарсы талап қоюында Техникалық сипаттамаға сәйкес тауарды жеткізер алдында жеткізуші барлық ұсынылатын тауарлар үлгі және түс алдымен фотосурет бойынша Тапсырыс берушімен келісілуі керек екендігі, оған сәйкес тапсырыс берушімен «WhatsApp» мессенджері арқылы хат алмасу арқылы ұсынылған тауардың барлық түрлерін қабылдамағаны, Тауарды келісу Тапсырыс берушінің міндеті болып табылатынын, осылайша Тапсырыс берушінің кінәсінен шарттың орындалуы тоқтатылғанын көрсеткен.

Талап қоюшы өкілі сот отырысына қатыспады, жазбаша өтінішхат келтіріп, онда жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және істі Мекеменің қатысуынсыз қарауды сұраған.

Сот отырысында жауапкер өкілі негізгі талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуын, қарсы талап қою бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Прокурор негізгі талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды, қарсы талап қою бойынша қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

Сот тараптар өкілдерінің түсініктемелерін және прокурордың пікірін тыңдап, азаматтық іс құжаттарын зерттеп, төмендегідей қорытындыға келеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Негізгі талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4,5 тармақтарына сәйкес өтінішпен жасалған

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 25.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.11.2024, судья Тленов А. Ш., 09.12.2024
4712-24-3-1/2869

мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, тапсырыс беруші өздеріне әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Іс құжаттарынан анықталғаны, талап қоюшы мен жауапкер арасында жалпы сомасы 52 250 теңгеге 25 маусым 2024 жылы «Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы» №38 шарт жасақталған. Шарт талаптары бойынша жауапкер келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 25 шілде 2024 жылға дейін 6 данада кәсіби бокс қапшығын жеткізуі тиіс болған.

Алайда жауапкер шартқа сәйкес өзіне жүктелген міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған.Жауапкермен тауар 25 шілде 2024 жылға дейін жеткізілмеген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сонымен қатар, талап қоюшымен жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға заңмен белгіленген мерзімі өткізілмеген.

АПК-ның 15, 72 және 73-баптарына сәйкес, сот істің мән-жайын анықтау мақсатында өз бастамасымен айғақтар жинаудан босатылған. Әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар береді.

Жауапкер сотқа талап қоюшының талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер табыс етпеді. Бұл жағдайда, сот талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Қарсы талап қою бойынша

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 25.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.11.2024, судья Тленов А. Ш., 09.12.2024
4712-24-3-1/2869

ҚР АК-нің 7-бабына сай, азаматтық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздерден, сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғалардың әрекеттерінен пайда болады, өзгереді және тоқтатылады, өйткені, осы әрекеттер азаматтық заңнамада көзделмегенімен, олардың жалпы бастаулары мен мәніне байланысты азаматтық құқықтар мен міндеттерді туындатады.

ҚР АК-нің 401-бабына сай:

1. Егер осы Кодексте, басқа да заң құжаттары мен шартта өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісуімен өзгертілуі және бұзылуы мүмкін.

2. Тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт:

1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде;

2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

ҚР АК-нің 404-бабы 1,2 -бөлігіне сай, Шартты орындаудан біржақты бас тартуға (Шарттан бас тартуға) осы Кодексте, өзге де заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда жол беріледі.

2. Тараптардың бірі, атап айтқанда:

1) шартқа негізделген міндеттемені орындау мүмкін болмаған (осы Кодекстің 374-бабы);

2) егер Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде өзгеше белгіленбесе, белгіленген тәртіппен екінші тарапты банкрот деп таныған;

3) шарт жасалғанда негізге алынған мемлекеттік органның актісі өзгертілген немесе күші жойылған жағдайларда шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Маңғыстау облыстық каратэ-до бойынша мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің шартты біржақты бұзуы, өнім берушінің шартта көзделген мерзімде тауарды жеткізбеуі болып табылады. Яғни Өнім беруші тарапынан Шартты елеулі түрде бұзуға жол берілген.

Бұл жағдайда, сот қарсы талап қою қанағаттандырылудан бас тартылуға жатады деп санайды.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 25.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.11.2024, судья Тленов А. Ш., 09.12.2024

4712-24-3-1/2869

«Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Маңғыстау облыстық каратэ-до бойынша мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер «Aiganym» басшысы Нурбаев Акылбек Елбасыевич мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Aiganym» басшысы Нурбаев Акылбек Елбасыевич мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Aiganym» басшысы Нурбаев Акылбек Елбасыевичтен мемлекеттің пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Aiganym» басшысы Нурбаев Акылбек Елбасыевичтың «Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Маңғыстау облыстық каратэ-до бойынша мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне келтірген шартты біржақты бұзуды заңсыз деп тану туралы қарсы талап қоюы-қанағаттандырылудан бас тартылсын.

Шешімге тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхат беруге құқылы.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 25.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.11.2024, судья Тленов А. Ш., 09.12.2024

4712-24-3-1/2869